

«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«КАСКО Optimum» АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІН КЕШЕНДІ САҚТАНДЫРУ ӨНІМІ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

<p>Осы Сақтандыру шарттары төмендегі негіздерге сәйкес әзірленді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Автомобильдер және өзге де көлік құралдарын ерікті сақтандыру қағидалары; • Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидалары; • Автомобильдер мен өзге де көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру қағидалары <p>Осы сақтандыру өнімі ерікті сақтандырудың шарттары мен тәртібін айқындайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • автомобиль көлігі, атап айтқанда жеңіл және жүк көлік құралдары, автобустар/шағын автобустар; • автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі (бұдан әрі – АКИ АҚЖ); • жазатайым оқиғалардан сақтандыру (бұдан әрі – ЖО). <p>Бұл ретте Сақтандыру полисін жоғарыда көрсетілген сақтандыру түрлерінің барлығы бойынша, не олардың әртүрлі үйлесімінде немесе тек ерікті автомобиль сақтандыруы шеңберінде ғана жасау көзделеді</p>	
Сақтанушы	<ul style="list-style-type: none"> • 18 жасқа толған және одан жоғары жастағы жеке тұлға; • Ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан кез келген заңды тұлға..
Сақтандыруға жатпайды	<ul style="list-style-type: none"> • Мотокөлік; • Арнайы құрылыс техникасы; • Ауыл шаруашылығы техникасы; • Тіркемелер; • Қазақстан Республикасының уәкілетті органында тіркелмеген көлік құралдары (бұдан әрі – КҚ); • Такси/каршеринг қызметтерін көрсету, жолаушылар тасымалдау (автобус парктері) мақсатында пайдаланылатын, жалға берілетін, тест-драйвқа, жарыстарға қолданылатын, сондай-ақ күзет агенттіктеріне тиесілі көлік құралдары.
Сақтандыру объектісі	<ul style="list-style-type: none"> • 1-секция (автомобиль көлігін ерікті сақтандыру): Сақтанушының/Пайда алушының КҚ-ның бүлінуіне, жойылуына және/немесе жоғалуына байланысты мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады; • 2-секция (ерікті АКИ АҚЖ сақтандыру): Сақтандыру жағдайы нәтижесінде үшінші тұлғалардың (сақтандырылған КҚ-дағы жолаушыларды қоспағанда) өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды Шартта/КҚ Сақтандыру Полисінде көрсетілген өтеу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туындайтын міндеттемелерге байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады; • 3-секция (ЖО-нан ерікті сақтандыру): Сақтандырылған орындар жүйесіне және көрсетілген Шартқа/Көлік құралының полисіне сәйкес жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі - ЖКО) процесінде туындаған сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде жүргізушінің және/немесе жолаушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.
Сақтандырылған	<ul style="list-style-type: none"> • Егер Сақтанушы жеке тұлға болып табылса: Сақтанушы және/немесе 18 жастан жоғары, тиісті санаттағы КҚ басқаруға құқығы бар және Сақтандыру полисінде сақтандырылғандар тізімінде көрсетілген өзге де жеке тұлға; • Егер Сақтанушы заңды тұлға болса, онда шартқа немесе жол парағына сәйкес КҚ-ны басқаруға құқығы бар 18 және одан жоғары жастағы жеке тұлғалар сақтандырылушылар болып табылады.
Пайда алушы	Сақтандыру полисіне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.
Сақтандыру оқиғасы	<p>Сақтандыру оқиғасы – ықтималдық және кездейсоқтық белгілеріне ие оқиға, оның орын алуы сақтандыру компаниясына Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасау міндетін туғызады.</p> <p>Келесі жағдайлар сақтандыруға жатқызылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 1-секция (міндетті түрде өтеу): Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның кінәсінен болған ЖКО - КҚ жүріс бөлігіндегі қозғалыс процесінде үшінші

	<p>тұлғаның/үшінші тұлғалардың бір немесе одан көп КҚ-мен соқтығысуы (екі және одан да көп КҚ механикалық байланысы) және осы соқтығысу салдары нәтижесінде болған оқиға;</p> <ul style="list-style-type: none"> • 2-секция (қосымша өтеу): сақтандырылған КҚ-да ЖКО-ға жол берген сақтандырылған тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі және осы ЖКО нәтижесінде үшінші тұлғалардың (сақтандырылған КҚ-дағы жолаушыларды қоспағанда) өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтіру; • 3-секция (қосымша өтеу): ЖКО нәтижесінде жазатайым оқиға, оның салдарынан сақтандырылған тұлғалар (соның ішінде жолаушылар) жарақат алған немесе сақтандырылған көлікте отырған тұлғаларға (соның ішінде жолаушыларға) бірінші, екінші немесе үшінші топ мүгедектігі анықталған, немесе сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы.
Сақтандыру мерзімдері	<ul style="list-style-type: none"> • Шарт сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен кейінгі 3 (үшінші) күні қолданылады. • Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі 12 (он екі) ай. • Сақтандыру шарты бірінші сақтандыру жағдайына дейін қолданылады.
Сақтандыру сомасы	Сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру оқиғасы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. Шарт/Полис бойынша жалпы сақтандыру сомасы әрбір Секция бойынша жеке сақтандыру сомаларынан құралады.
Сақтандыру сыйлықақысы	Сақтандыру сыйлықақысы калькулятор бойынша есептеледі және Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.
Франшиза	Қолданылмайды
Сақтандыру аумағы	Қазақстан Республикасы
Ерекше жағдайлар	<ul style="list-style-type: none"> • Қосымша сыйлықақы үшін Еуропрокол шеңберінде реттеу қолжетімді: Егер сақтандырылған КҚ-ға келтірілген залал сомасы 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіштен аспаса, Сақтандырылушы/Сақтандырылған ЖКО-ның кінәлі тарап болып табылса және көлік оқиғасын рәсімдеу Қазақстан Республикасының «Көлік құралдарының иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңының 22-2 бабында қарастырылған сақтандыру жағдайын қарапайым тәртіппен реттеу шеңберінде жүзеге асырылған жағдайда, Сақтандырылушы/Сақтандырылған құзыретті органдардың құжаттарын ұсынуға міндетті емес. <p>Мұндай жағдайда Сақтандырылушы/Сақтандырылған сақтандыру төлемін жүзеге асыру мәселесін қарастыру үшін Сақтандырушыға сақтандыру жағдайын қарапайым тәртіппен реттеу туралы декларацияны және Сақтандырушының сұрауы бойынша сақтандыру төлемінің қарапайым тәртіппен жүзеге асырылғанын растайтын құжатты ұсынады. Бұл қарапайым тәртіп Қазақстан Республикасының «Көлік құралдарының иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңының 22-2 бабына сәйкес жүргізіледі.</p>